КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 6 наурыз № 6213-25-00-2/12 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.Е.Мұстафин,
З.Н.Жұмабек хатшылығымен
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Атамұра – Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Өнім берушіні мемлкеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.М.Сембаев
жауапкердің өкілі А.Сахиұлы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылдың 20 тамызында Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (Тапсырыс беруші) және «Атамұра – Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Орындаушы) арасында № 263/24 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай – Шарт) жасалған.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 29.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.07.2025, судья Мустафин Д. Е., 07.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарт бойынша жұмысты орындау мерзімі Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 120 күн ішінде, сондықтан 18 желтоқсанға дейін орындалуы керек.

Алайда Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамаған, Шартта көрсетілген мерзімде жұмысты орындамаған, осыған байланысты талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдады және соттан оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамады, жұмыстар 88 % орындаған, қазіргі таңда тек қана дала жұмыстары орындамаған деп түсіндірді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 271-бабына сәйкес міндеттеме шарттан пайда болады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының (әрі қарай – Заң) 2-бабының 22) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алу туралы шарт – осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт.

АК-нің 272-бабына сәйкес міндеттеме міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 277-бабына орай егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Заңның 12-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 29.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.07.2025, судья Мустафин Д. Е., 07.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің 2024 жылдың 218 желтоқсаны екенін анықтады.

Алайда жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауды мойнына алғанына қарамастан, бұл міндеттемелерді Шартта көрсетілген мерзімде орындамаған (Шарттың 4-тарауының 4.1-тармағы).

Жауапкердің Шарт талаптарын орындамауы ол үшін Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген салдарлардың туындауына әкеп соғады.

Бұған қоса жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысып, Шартқа қол қойып, Шарттың барлық елеулі талаптарына өз келісімін білдіре отырып, АК-нің 272, 277-баптарының талаптарына сәйкес міндеттеме шарттары мен заңнама талаптарына сәйкес келісілген мерзімде өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға міндетті болатын.

Алайда қаралып отырған жағдайда жауапкердің шарт міндеттемелерін орындамағаны айқын анықталды.

Осылайша даулы жағдайда жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы орын алған, тиісінше жауапкер Шарттың елеулі талаптарын және АК-нің 272, 277-баптарының талаптарын бұзған.

Сот жауапкердің Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны туралы талап қоюшының дәлелдерін қабылдайды.

Сот жауапкердің қарсылықтары оның азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен бас тартуға деген ұмтылысын көрсетеді деп санайды.

Талап қоюды сотқа жіберу мерзіміне қатысты сот талап қоюшыға жауапкердің 2024 жылдың 18 желтоқсанында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны туралы сенімді түрде белгілі болғанын анықталды.

Көрсетілген міндеттемеге сүйене отырып, талап қоюшы бұл талапты 2025 жылғы 17 қаңтарынан кешіктірмей жіберілуі керек. Талап қою сотқа 2025 жылғы 10 қаңтарда, яғни заңда көзделген мерзім шегінде сотқа жіберілді.

Айтылғанды ескере отырып, сот қойылған талаптың негізділігі туралы тұжырымға келді.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 29.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.07.2025, судья Мустафин Д. Е., 07.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 117-бабының бірінші бөлігінің талабына орай «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 616-бабы 30) тармақшасының ережесіне орай талап қоюшы төлеуден босатылған 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджет кірісіне өндірілуі қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 403-404-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Атамұра – Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Атамұра – Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Атамұра – Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджеттің кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы болған тарап Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ұлытау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.Е.Мұстафин**

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 29.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.07.2025, судья Мустафин Д. Е., 07.08.2025